Ұстаздар біліктілігіне жаңа талаптар қойылуда. 2023 жылы «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес қолға алынды. Осы жоба шеңберінде өткен жылы 208 педагог сертификатталды. Биыл да аталған жоба жалғасын тауып, жаңа форматтағы басшылардың кадрлық резерві толыға түседі.




**МАҚАЛАНЫ ОҚУ ҮШІН QR-КОДТЫ СКАНЕРЛЕҢІЗ**







2023 жылы соңғы он жылда бірінші рет семейлік қарапайым мұғалім Алма Шүкежановаға «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Биылғы жылы алматылық Гүлжанар Нұрпейісова, батысқазақстандық Эльмара Траисова осы атаққа лайықты деп танылды.

## «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алғандар:

Рафиқа Нұртазина -Алматы (1968 жыл)
Маржан Тасова - Шымкент (1978 жыл)
Аягүл Миразова - Алматы (2008 жыл)
Алина Соловьева- Шымкент (2018 жыл)
Алма Шүкіжанова- Семей (2023 жыл)
Гүлжанар Нұрпесова - Алматы (2024 жыл)
Эльмара Траисова - Орал (2024 жыл)

**МАҚАЛАНЫ ОҚУ ҮШІН QR-КОДТЫ СКАНЕРЛЕҢІЗ**

келесі →






Соңғы 4 жылдың ішінде мұғалімдердің айлығы 100 пайызға, ал мектепке дейінгі тәрбие мекемелері қызметкерлеріне және колледждерге кәсіпорыннан тартылатын мамандарға төленетін айлық 30 пайызға көтерілді.

Әлемдегі ең беделді 7 халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздарын дайындаған ұстаздарға сыйақы қарастырылған.

«Үздік педагог» байқауының жеңімпаздарына 1000 АЕК шамасында сыйақы тағайындалған. Бүгінде еліміздегі «Үздік педагог» атағын алғандар саны – 752.

1000 айлық есептік көрсеткіш сыйақысымен «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы қалпына келтіріліп, 70 педагогтің маңдай тер, адал еңбегі әділетті бағаланды.

МАҚАЛАНЫ ОҚУ ҮШІН
QR-КОДТЫ СКАНЕРЛЕҢІЗ

келесі →



Еліміздегі 22000-нан аса білім мекемелеріндегі алты миллионға жуық балаға 600 мыңға жуық мұғалім оқу мен тәрбие беріп келеді.

2019  жылы «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылданды. Бұл Заң соңғы жылдарда қоғамдағы мұғалім ролін айқындап берді.

Мектептегі қағазбастылық азайтылып, мұғалімдердің апталық жүктемесі 18-ден 16 сағатқа төмендетілді.

**МАҚАЛАНЫ ОҚУ ҮШІН QR-КОДТЫ СКАНЕРЛЕҢІЗ**

келесі →



*«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қолдауымен бес жылда қол жеткізген табыстарымыз – алда межеленген мақсаттарға сөзсіз қол жеткізетініміздің нақты дәлелі, айқын көрінісі.»*

**ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ**

## ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ

«ҰЛТ КЕЛБЕТІ – ҰСТАЗ. БЕС ЖЫЛДЫҢ БЕРЕКЕЛІ БЕЛЕСТЕРІ» МАҚАЛАСЫНАН, «EGEMEN QAZAQSTAN», № 193, 2024 ЖЫЛҒЫ 5 ҚАЗАН